



Автор: Боқашбаева Маржан Діқанқызы

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 5-сынып



Бөлім: Біздің өмірімізде алгоритмдер

Тақырып: Практикум. Аралас құжаттар құру

Білімділігі:	Оқушыларға құжатқа сурет қою тәсілдерін үйрету аралас құжаттар құруды және аралас құжаттарға сурет қою тәсілдерін
Тәрбиелігі:	Логикалық ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту.
Дамытушылық:	Оқушылардың есте сақтау және зейіндік қабілеттерін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру.
Сабақтың түрі:	Жаңа сабақты түсіндіру
Сабақтың көрнекілігі:	Практикалық

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың барысы:</p>	<p>А) Ұйымдастыру кезеңі Б) Сабақ сұрау В) Бағалау Г) Жаңа сабақ Д) Бекіту Е) Үйге тапсырма Ж) Қорытынды</p> <p>Жаңа сабақ: Бұл практикумның тапсырмаларын орындап, сендер аралас құжаттар құрасыңдар. Компьютердегі тәжірибелік жұмыс</p> <p>А деңгей Шежіре ағашы 1. Paint графикалық редакторында ағаштың кескінін салыңдар. Ол мындай болуы мүмкін</p>  <p>Сурет салатын рамкалар дайындаңдар және оларды ағашқа орналастырыңдар.</p> <p>3. Ағаштың кескінін WordPad мәтіндік редакторына көшіріңдер. Ортасы бойынша түзеуді тағайындаңдар.</p> <p>4. Суреттің алдына «Менің отбасы» тақырыбын қосыңдар. Әріпті өз қалауларың бойынша таңдаңдар.</p> <p>5. Өз отбасыларың туралы әңгіме құраңдар (теріңдер).</p> <p>6. Жұмысты өз бумаларыңда сақтап, мүмкіндігінше басып шығарыңдар. Шежіре ағашымен жұмысты үйде аяқтаңдар – туыстарыңның суреттерін желімдеңдер немесе редактордың көмегіен қосыңдар.</p> <p>В деңгейі</p> <p>1. Әңгімеден үзінді теріңдер.</p> <p>2. Автордың тегін курсивпен, мәтін атауын жуан әріппен ерекшелеңдер</p> <p>3. Бірінші жол үшін шегіністі 1 см етіп белгілеңдер.</p> <p>4. Жануарлардың, құстар мен балық атауларының жанына Paint -те дайындалған кескіндерді кірістіріңдер.</p> <p>5. Жұмысты өз бумаларыңда сақтап, мұғалімге көрсетіңдер.</p> <p>С деңгейі</p> <p>1. Өз отбасыларың туралы әңгіме дайындаңдар. Оны WordPad мәтіндік редактоында теріңдер.</p> <p>2. Өз ата-аналарың мен туыстарыңның суреттерін дайындаңдар.</p> <p>3. Ерекшелеу → Еркін аймақ сайманын пайдаланып Paint графикалық редакторында суреттерді қырқыңдар.</p> <p>4. Суреттерді рамкаларға (мысалы, мынандай виньеткаға) орналастырыңар.</p> <p>5. Графикалық редактордан көшіріп, мәтіндегі есімдердің жанына суреттер кірістіріңдер. 6. Мәтіннің алдына «Менің отбасым» тақырыбын қосыңдар. Оны өз қалауларың бойынша безендіріңдер.</p> <p>7. Жұмысты өз бумаларыңда сақтаңдар және мұғалімге көрсетіңдер</p> 	
<p>Үйге тапсырма: (Змин)</p>	<p>Бекіту Компьютерде тәжірибелік жұмыстарын орындау Сабақты қорытындылау Тәжірибелік жұмысты тексеру, сұрақтарды тақылап оларға жауап беру, бағалау Үйге тапсырма Тәжірибелік жұмысты аяқтау</p>	